

"Шахтинск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 17/12 қаулысы.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Шахтинск қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №71/02 қаулысына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шахтинск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

2. "Шахтинск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.К. Ибраева):

1) Ереженің Әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес, осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары С.Б. Жаппаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шахтинск қаласының әкімі

А. Халтонов

Қарағанды облысы

Шахтинск қаласы әкімдігінің

2022 жылғы 5 сәуірдегі

№ 17/12 қаулысымен бекітілген

"Шахтинск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1 тарау. Жалпы ереже

1. "Шахтинск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі мемлекеттік мекеме) Шахтинск қаласының аумағында мәдениет және өнер, мемлекеттік тіл саясаты, дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті үйлестіруді және басшылық етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің мынадай ведомстволары бар:

1) "Шахтинск қаласының кеншілер мәдениет сарайы" КМҚК;

- 2) "Шахан кентінің мәдениет үйі" КМҚК;
- 3) "Новодолинский кентінің мәдениет үйі" КМҚК;
- 4) "Шахтинск қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі" КММ;
- 5) "Бастау" оқу-әдістемелік орталығы" КММ;
- 6) "Барс" КМҚК.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Президентінің актілеріне, басқа да нормативті - құқықтық актілерге, сонымен қатар осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Мемлекеттік мекеме азаматтық – құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Казахстанская көшесі 101.

10. Осы ереже мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2 тарау. Мемлекеттік органның мақсаты мен өкілеттіктері

13. Мемлекеттік мекеменің мақсаттары:

- 1) мәдениет саласында отандық өнімге деген сұраныстың өсуіне жағдай жасау;

- 2) мәдениет пен өнер саласында бәсекелестікті көтеру;
- 3) мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік және ұйыстырушы функциясын кеңейту;
- 4) ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын жүргізу;
- 5) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау;
- 6) ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;
- 7) дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру;
- 8) әлеуметтік және білім беру функцияларын, сондай-ақ ерікті қызмет қағидатына негізделген олардың құрылымының ерекшелігін ескере отырып, спорттың барлық түрлерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеменің өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- мемлекеттік мекеменің құзырлығына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардан, ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды, жеке және заңды тұлғалардан ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұрату және алу;

- ақпараттық мәліметтердің барлық түрлерін пайдалануға, мемлекеттік мекеменің құзырлығына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және барлық меншік нысанындағы мемлекеттік емес ұйымдармен қызметтік хат алмасуды жүргізу;

- қала әкімдігінің және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың отырыстарына қатысу;

- мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және жұмыстан босатуға;

- мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне сыйақы және тәртіптік жаза беруге;

- мемлекеттік мекеменің мемлекеттік мекеме құру мақсатына сәйкес келмейтін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

2) Мемлекеттік мекеменің міндеттері:

- өз құзыреті шегінде, мемлекеттік және мемлекеттік емес мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт саласындағы мекемелері мен ұйымдардың қызметін үйлестіреді, қарым-қатынасты жүзеге асырады және оларға әдістемелік көмек көрсетеді, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің құзырына кіретін өзге де мәселелерді үйлестіреді;

- мәдениет, өнер, тіл саясаты, дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі аймақтық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады, нақты бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін бөлінген қалалық бюджеттен бөлу туралы ұсыныс жасап, олардың мақсатты пайдалануды қамтамасыз етеді;

- 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

- Шахтинск қаласы әкімдігінің және әкімінің тапсырмаларын бұлжытпай орындау үшін, барлық қажетті шараларды қабылдайды ;

- қалалық мәдени- сауық, спорттық-бұқаралық және сауықтыру іс-шараларын жылдық, күнтізбелік жоспарын әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

- қала әкіміне ақпаратты қамтамасыз етуді және талдауды жүзеге асырады;

- алқа біліктілік комиссиясын, үйлестіру және жаттықтырушылар кеңесін жасайды;

- мемлекеттік сатып алу келісім шарты мен тұрақты бақылауды, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің, оның ішінде бөлінген бюджеттік қаражаттардың игерілуін қамтамасыз етеді;

- Шахтинск аумағында, мәдени-сауық, спорттық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізуді үйлестіреді;

- Қазақстан Республикасының қолданымдағы өзге де заңнамаларымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттері бар.

15. Мемлекеттік мекеменің функциялары:

- Шахтинск аймағында мәдени және өнер, тіл саясаты, дене шынықтыру және спорт саласы бойынша мемлекеттік саясатты жүргізеді;

- Шахтинск аймағында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырады;

- ономастика бойынша сұрақтарды дайындап, қарастырады;

- мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған, әлеуметтік-маңызы бар және бұқаралық-мәдени шараларды, халық шығармашылығының смотрларын, конкурстар мен фестивальдарын өткізеді;

- көркемөнерпаздар ұжымының, үйірмелердің, қызығушылықтары бойынша клубтардың жұмыстарын, тұрғындардың бос уақытын қызықты өткізу жұмыстарын ұйымдастырады;

- жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалу орындарында спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасау;

- аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша аудандық, облыстық маңызы бар қалалық спорттық жарыстарды өткізуі;

- спорт түрлері бойынша құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуі;

- қала аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етуі;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде қала аумағында мідение, өнер, тіл саясаты, дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және қаланың атқарушы органына ұсыну;

- дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

- мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер мектептерінің қызметін қамтамасыз ету;

- бұқаралық ақпарат құралдарында бөлімнің қызметін жариялау жұмыстарын ұйымдастырады;

- өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды іске асыру;

- Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар беру;

- Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану.

мемлекеттік мекеменің қызметінде жобалық басқаруды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 14.07.2023 № 33/03 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3 тарау. Мемлекеттік органның, алқалы органдардың (бар болса) бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Мемлекеттік мекемені басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға сәйкес тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) мемлекеттік мекемеге жалпы басшылықты жүзеге асырады, Бөлімнің қызметін ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады, бөлімнің және мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді және бақылайды;

2) қала әкімдігіне мемлекеттік мекеменің Ережесі мен құрылымын, сондай-ақ олардағы өзгерістерді бекітуге ұсынады;

- 3) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің штаттық санын берілген лимит шеңберінде бекітеді;
- 4) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің және құрылымдық бөлімше жетекшілерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 5) мемлекеттік мекемедегі ішкі еңбек тәртібінің ережесін бекітеді, мемлекеттік қызмет туралы заңдылықтардың орындалуын бақылайды;
- 6) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 7) мемлекеттік органдарда, басқа да мекемелерде мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 8) шарттар жасайды,
- 9) сенімхаттар береді;
- 10) қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру, қазақстандық және шет елдердегі оқу орталықтарында қызметкерлерді оқыту, тәлімгерлік, іссапар бойынша мемлекеттік мекеме жоспарларын бекітеді;
- 11) қызметкерлердің бәріне қажетті нұсқаулар береді, бұйрық шығарады;
- 12) мемлекеттік мекеме қызметкерлерін және ведомстволық бағынысты мекеме басшыларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 13) Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза мен сыйақы береді;
- 14) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасайды;
- 15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылықтардың орындалуына жеке жауапкершілік жүктеледі;
- 16) заңды тұлғаның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес белгіленеді және жүргізіледі;
- 17) мемлекеттік мекеме басшысы дара басшылық қағидасын ұстанады, осы Ереже мен Қазақстан Республикасы заңдылықтарында белгіленгендей өз құзыры шеңберінде бөлім қызметі бойынша сұрақтарды шеше береді.
- 18) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің құжатпен қамтамасыз етілуін, қызметтік құжаттарды, хаттарды, азаматтардан түскен арыз-шағымдарды қарастыруды, ісқағаздарының мемлекеттік және орыс тілінде жүргізілуін ұйымдастырады;
- 19) мемлекеттік мекеменің қарамағына мүлік бекітеді және мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылау жүргізеді;
- 20) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 21) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі Регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 22) өкілетті органмен, осы Ережемен, заңдылықтармен жүктелген басқа да функцияларды жүргізеді;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсетеді, уақытылы және сапалы мемлекеттік қызметтер көрсетуді бақылауды жүзеге асырады;

24) мемлекеттік мекеме басшысы болмаған кезде оның міндеттерін қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес оны ауыстыратын тұлға орындайды.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Мемлекеттік мекеме заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

22. Мемлекеттік мекеме мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Мемлекеттік мекемеде бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Мемлекеттік мекеменің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

- 1) "Шахтинск қаласының кеншілер мәдениет сарайы" КМҚК;
- 2) "Шахан кентінің мәдениет үйі" КМҚК;
- 3) "Новодолинский кентінің мәдениет үйі" КМҚК;
- 4) "Шахтинск қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі" КММ;
- 5) "Бастау" оқу-әдістемелік орталығы КММ;
- 6) "Барс" КМҚК.